

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ**

«БЕКІТІЛДІ»

К. Жұбанов атындағы

«Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

Ғылыми кеңесінің шешімімен

(2025 жылғы 1 шілде, №12 хаттама)

**КАФЕДРА ФИЛИАЛЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым
Ақтөбе, 2025**

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Мансап және кәсіптік бағдарлау
департаментінің директоры

_____ Ә.Х.Жұмағазиев

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Ғылыми кеңесінің
шешімі негізінде (01.07.2025 ж., хаттама №12)

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" КЕАҚ кафедра филиалының негізгі міндеттері мен функцияларын белгілейді.

Ережеде кездесетін қысқартулар:

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

ББ – білім беру бағдарламалары

ЕББҚ - ерекше білім беру қажеттіліктері

ПОҚ- профессор-оқытушылар құрамы

СӨЖ - студенттердің өзіндік жұмысы

СҒЗЖ - студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы

МӨЖ - магистранттардың өзіндік жұмысы

МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы

БП - бейіндік пәндер

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (өзгерістер мен толықтырулар 31.08.2025 ж).

2.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы заңы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916.

2.3 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-м Еңбек кодексі (25.08.2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулар).

2.4 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 бұйрығымен).

2.5 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 04.04.2023 №145 өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2.6 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 36 бұйрығы.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 Осы Ереже КеАҚ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» кафедра филиалдарының кәсіпорындарда немесе ұйымдарда филиал қызметінің ұйымдастыру негіздерін анықтайды, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ Жарғысына сәйкес әзірленген.

3.2 Кафедра филиалын құрудың мақсаты - оқу процесін нақты өндіріске барынша жақындату, тәжірибеге бағытталған білім беруді жүзеге асыру, кадрлық және материалдық-техникалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, білім алушыларды қатыстыра отырып бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау сапасын арттыру болып табылады.

3.3 Кафедра филиалы кафедра бейініне сәйкес келетін кәсіпорын басшысының келісімі бойынша құрылады. Кафедра филиалы шарт бұзылғанда немесе шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда жойылады.

3.4 Кафедра филиалы өз қызметінде кафедра жұмысын анықтайтын нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Филиал жұмысына кафедра меңгерушісі жауапты.

3.5 Кафедра филиалы оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметті қамтаыз ететін оқу базасы болуы тиіс.

4 КАФЕДРА ФИЛИАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

4.1 Кафедраның филиалы оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қолдау көрсететін кафедраның көмекші базасы болып табылады.

4.2 Кафедра филиалының негізгі міндеттері:

4.2.1 базалық ұйымның қызметкерлерін білім беру мазмұнын және оқу нәтижелеріне қойылатын талаптарды қалыптастыруға тарту;

4.2.2 ұйымдар мен мекемелер қызметінің тәжірибесін ескере отырып, мамандарды даярлауда практикалық құрамды өзектендіру;

4.2.3 мамандарды даярлау сапасын бағалауға жұмыс берушілерді тарту;

4.2.4 білім алушылардан қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру;

5 бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу.

5 КАФЕДРА ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5.1 Кафедра филиалына келесі функциялар жүктеледі :

5.1.1 Жұмыс берушілердің модульдік білім беру бағдарламаларын, элективті пәндер каталогын жасақтауға, талқылауға, жобалауға, қабылдауға, бекітуге және іске асыруға қатысуы.

5.2 Білім алушыларға дуалды оқыту мүмкіндігін беру.

5.3 Оқу үдерісін ұйымдастыру:

5.3.1 Бекітілген пәндер бойынша оқу сабақтарын, оның ішінде зертханалық- практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;

5.3.2 Курстық және дипломдық жобалауды жүзеге асыру;

5.3.3 Кәсіптік практикаларды, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;

5.3.4 Практика бойынша есептерді, курстық жобаларды қорғау, мемлекеттік аттестаттау комиссияларының жұмысы және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) рецензиялау кезінде студенттердің білімін бағалауға кәсіпорын мамандарының қатысуын ұйымдастыру, кәсіпорындарға мемлекеттік аттестаттау комиссияларының көшпелі отырыстарын ұйымдастыру.

5.4 Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және өткізу:

5.4.1 кәсіпорын қызметіне енгізілген жаңалықтарды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын, пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларын және әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және кәсіпорынмен келісу;

5.4.2 кәсіпорынмен кәсіби практика бағдарламаларын әзірлеу және келісу;

5.4.3 кәсіпорын материалдарын пайдалана отырып оқу және оқу-әдістемелік құралдар жасақтау;

5.4.4 кәсіпорын қажеттілігін ескере отырып элективті курстарды, курстық және дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын әзірлеу;

5.4.5 оқу процесіне заманауи білім беру технологиялары мен техникалық оқыту құралдарын әзірлеу және енгізу;

5.5 кәсіпорын мамандарының университеттік оқу басылымдарын рецензиялауды ұйымдастыру.

5.6 Түлектерді жұмысқа орналастыру және олардың мансаптық өсуін қадағалау.

5.7 Білім алушыларды тарта отырып, кәсіпорын тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу және олардың нәтижелерін практикаға енгізу.

5.8 Кәсіпорын қызметкерлеріне қосымша білім беру және консультациялық қызмет көрсету.

5.9 Жалпы кафедра мен кафедра филиалының оқу-зертханалық, ақпараттық базасын дамыту.

5.10 Кәсіпорын қызметкерлері мен университет оқытушыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

6 КАФЕДРА ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

6.1 Университет басшылығымен және кәсіпорын басшылығымен кафедра филиалы факультет деканы арқылы байланыс жасайды.

7 ӨЗГЕРІСТЕР

7.1 Кафедра филиалы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ОЖОӘЖ жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады және оның қолы қойылған соң құжат түрінде рәсімделеді.

8 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Кафедра филиалы туралы ереже жобасын таратуды жұмыс тобының жетекшісі жүзеге асырады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
Басқарма мүшесі – Проректор

Л.Н.Мясникова